

Қазақстан Республикасы Кинофильмдерінің Мемлекеттік қорын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 шілде 1995 ж. N 909. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.03.28. N 449 қаулысымен. ~P000449

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің жанындағы

"Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясының "Қазкинопрокат" республикалық өндірістік бірлестігі негізінде Қазақстан Республикасы кинофильмдерінің Мемлекеттік қоры (Мемфильмқоры) құрылсын.

<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен.

P961031_

2. Қазақстан Республикасы кинофильмдерінің Мемлекеттік қоры туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 3 шілдедегі

N 909 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасы кинофильмдерінің

Мемлекеттік қоры туралы

Е Р Е Ж Е

I. Жалпы қағидалар

1. Кинофильмдердің мемлекеттік қоры (бұдан әрі - Мемфильмқоры)

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясының "Қазкинопрокат" республикалық өндірістік бірлестігінің негізінде ұйымдастырылған. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

N 1031 қаулысымен. P961031_

2. Мемфильмқоры өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің актілерін, "Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясының шешімдерін, "Қазкинопрокат" РӨБ жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Мемфильмқорының өз құрамында фирмалық кинотеатры бар.

II. Міндеті

4. Мемфильмқорының негізгі міндеті:

қазақ ұлттық кинематографиясының көркем, деректі-құжытты, ғылыми-көпшілік, дәрістік және мультипликациялық фильмдерінің, сондай-ақ шет елдерде шығарылған көркем, ғылыми-көпшілік, деректі-құжатты және басқа фильмдердің бүкіл жағымды және жағымсыз қорын шоғырландыру;

фильм материалдарын сенімді түрде ұзақ жылдар бойы сақтауды қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық жағынан өңдеу, жаңғырту мен қалпына келтіру;

фильмқорын жаңа кинофильмдермен және тиісті техникалық құжаттармен толықтыру; мемлекетаралық киноайырбасын ұйымдастыру;

ұлттық және шетел киносын саласында ғылыми және ғылыми-анықтамалық жұмыс жүргізу;

кинофильмдер қорын ғылыми өңдеуге байланысты ғылыми-анықтамалық материалдар шығару;

Мемфильмқорының кинотеатры арқылы қазақ және озат шетел киноөнерінің таңдаулы шығармаларын көпшілікке тарату мен насихаттау, сондай-ақ республика мен ТМД елдерінің кинотеатрларында кинофестивальдар өткізу мен ескі фильмдерді көрсету;

өндірістік, ғылыми-зерттеу және шығармашылық мақсатқа арналған фильмдер қорын пайдалану;

Киноархивтердің халықаралық федерациясымен (ФИАФ)

өзара іс-қимыл, жасау болып табылады.

III. Функциясы

5. "Қазақкинопрокат" РӨБ жанындағы Мемфильмқоры өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

республикалық және шетелдік қорлардың фильмдік материалдарын қабылдайды, өңдейді және ұзақ жылдар бойы сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ "Қазақкино" мемкинокомпаниясы бекіткен нұсқаулықтарға сәйкес

киноматериалдарды уақытша пайдалануға береді;

фильмдер қорының сақталуын жақсарту, сондай-ақ техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін сақтау жөніндегі шараларды жүргізеді;

ұлттық киностудияларда шығарылған фильмдер мен шетелдерде шығарылған фильмдерге қатысты бүкіл құжаттаманы, соның ішінде техникалық жай-күйі туралы актілерді, монтаж парақтарын, әдеби және режиссерлік сценарийлерді, кинофильмдерді шығару мен олардың прокатта болуына байланысты материалдарды, республикалық және шетел баспасөзінің пікірлерін, түсініктемелерді, либреттоларды, фотосуреттерді, плакаттар мен басқа да архив материалдарын іріктеп жинақтайды;

Мемфильмқорының сақтауындағы немесе "Қазақкино" мемкомпаниясы мен басқа да ведомстволардың кәсіпорындарында немесе ұйымдарында уақытша пайдаланудағы барлық жағымсыз және жағымды материалды бойынша есеп жүргізеді;

Мемфильмқорына сақтауға тапсырылатын немесе қайтып берілетін фильм материалдарының дер кезінде тапсырылуын, сондай-ақ олардың техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

тарихи құндылығы бар фильмдерді өңдеп күтеді және қалпына келтіреді, өз коллекциясын толықтыру үшін аралық позитивтер, контратиптер мен позитивтер жасайды;

фильм материалдарын, соның ішінде киностудиялардың, теледидар және басқа шығармашылық ұйымдардың, фильм түсіретін топтары үшін фрагменттерді іріктейді, басып шығарады, қалпына келтіреді және жаңғыртады;

фильмдер қорын сақтауды ұйымдастыру жөнінде әдістемелік және техникалық нұсқаулықтар әзірлейді;

бастапқы материалдарды ұзақ сақтау мәселелерін тәжірибелік ғылыми-техникалық тұжырымдауын жасайды;

ғылыми-зерттеу, шығармашылық және пайдалану мақсаты үшін ұлттық кинематография фильмдері мен шетел фильмдері қорын компьютерлік өңдеуді жүзеге асырады;

шетел фильмханаларымен шығармашылық және іскерлік байланыстарды, фильмдер, кино жөніндегі әдебиет, ғылыми-ақпараттық материалдар алмасуды, қазақ кинематографиясының таңдаулы ескі фильмдерінің көрсетілуін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

IV. Құқығы

6. Өз міндетін жүзеге асыру үшін Мемфильмқорының:

Қазақстан Республикасында көрсету үшін сатып алынған кинофильмдер бойынша шетелден импорттық бастапқы материалдарды алуға, оларды аударуды және субтитрлеуді жүзеге асыруға;

бұрынғы КСРО-ның Мемфильмқоры мен Кинофотоқұжаттары орталық мемлекеттік архивінен өткен жылдары шығарылған фильмдер бойынша бастапқы материалдарды алуға, оларды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін киностудияларға және фильм көшірмелерін қайталап көптеп бастырып шығару үшін кинокөшірмелер фабрикаларына беруге;

Қазақстан Республикасының киностудияларынан олардың прокатына рұқсат куәліктерін алған кинофильмдердің көшірмелерін алуға;

киносауық кәсіпорындарынан, кинопрокаты ұйымдары мен кинобейнебірлестіктерінен кинофильмдерді жекелеген көшірмелер күйінде, сондай-ақ жекелеген бөлімдер ретінде бергені үшін прокаттау ақысын алып тұруға құқығы бар.

V. Мемфильмқорының мүлкі мен қоры

7. Негізгі және айналымдағы қаражат, құны "Қазкинопрокат" РӨБ балансында көрсетілген басқа құндылықтар, сондай-ақ кинодағы авторлық құқықпен қорғалатын зерделік меншік Мемфильмқорының мүлкі мен қорын құрайды.

"Қазақкино" мемкинокомпаниясының ақшалай және материалдық жарналары, фирмалық кинотеатрдағы киносанстардан түсетін табыс, кинофильмдерді прокатқа беруден түсетін қаражат, республикалық бюджет қаражаты, кәсіпорындардың, ұйымдардың және жекелеген азаматтардың ерікті жарналары, басқа түсілімдер Мемфильмқоры мүлкін қалыптастыру көздері болып табылады.

8. Еңбекке ақы төлеу түрі, жүйесі мен мөлшері, сондай-ақ кәсіпорын қызметкерлері табысының басқа түрлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес белгіленеді.

IV. Штаты

9. Кинофильмдер Мемлекеттік қорының штатын, Мемфильмқорының директорын "Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясының төрағасы бекітеді.